КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 ақпан Іс №7119-24-00-2/1348 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

«Нажимова» (Нажимова Сурайё Абидкаримовна) жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылары деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының талап қоюы–қанағаттандырылсын.

«Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының пайдасына 90 667

Документ подписан: Бертыбаева С. Т., 23.02.2024
Дата вступления в законную силу: 09.04.2024, судья Бертыбаева С. Т., 09.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

(тоқсан мың алты жүз алпыс жеті) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 720 (екі мың жеті жүз жиырма) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Нажимова» (Нажимова Сурайё Абидкаримовна) жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Нажимова» (Нажимова Сурайё Абидкаримовна) жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Нажимова» (Нажимова Сурайё Абидкаримовна) жеке кәсіпкерінен «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының пайдасына 21 293 (жиырма бір мың екі жүз тоқсан үш) теңге тұрақсыздық айыбы, 639 (алты жүз отыз тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Документ подписан: Бертыбаева С. Т., 23.02.2024

Дата вступления в законную силу: 09.04.2024, судья Бертыбаева С. Т., 09.04.2024

7119-24-3-1/932